

Өндірістік цехтың технологы

ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ

- Жай өнімдердің немесе оның элементтерінің прогрессивті технологиялық процестерін және өндірістің оңтайлы режимдерін әзірлейді, әзірленген жобалардың техникалық тапсырмаларға және жобалау бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді, өнімнің жоғары сапасын сақтау, оның өндірісіне кететін материалдық және еңбек шығындарын қысқарту;
- Өнімдерді дайындау барысында бөлшектерді өңдеу және жинау үшін операциялық маршруттарды белгілеп, технологиялық тізбектегі барлық операцияларды бақылау;
- Технологиялық процесс карталарын, маршруттық және материалдық карталарды, құрылғының ведомостарын және басқа да технологиялық құжаттарды құрастыру;
- Патенттік зерттеулер жүргізуге, жобаланатын техникалық және технологиялық объектілердің техникалық деңгейінің көрсеткіштерін анықтауға, әзірленген технология бойынша көзделген құрылғылар, жабдықтар мен арнайы құралдарды жобалауға техникалық тапсырмалар жасауға, цехтарда технологиялық процестерді енгізуге, өнімдегі ақаулардың себептерін анықтауға, олардың алдын алу мен жою бойынша ұсыныстар дайындауға қатысады;
- Технологиялық процестер мен өндіріс режимдерін түзетуге байланысты техникалық құжаттамадағы өзгерістерді ресімдейді және ұйым бөлімшелерімен келіседі;
- Техникалық негізделген уақыт нормаларын (өндірістік нормаларды) әзірлеуге қатысады, бөлшектер мен операциялық нормаларды, шикізат, материалдар, құрал-саймандар, отын және энергияны тұтыну нормаларын, жобаланатын технологиялық процестердің экономикалық тиімділігін есептейді;
- Ұйымның өндірістік бөлімшелерінде технологиялық тәртіптің сақталуын және жабдықты пайдалану тәртібін бақылайды;
- Технологиялық жабдықтарды сынау, жобаланатын технологиялық процестер мен өндіріс режимдерін тексеру және игеру бойынша эксперименттік жұмыстарды жүргізуге қатысады.

БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

Өндірістік цехтың технологы келесі біліктілік талаптарына сай болуы керек:

- білімі – кадрларды даярлау бойынша сәйкес бағытта жоғары (фармацевтикалық, ветеринарлық, медициналық) білімі және мамандығы бойынша кемінде 2 жылдық жұмыс өтілі.